

## 2. ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында белгіленген Қазақстан Республикасында білім беруді жаңарту және дамыту жөніндегі саясатын жүзеге асыру және «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына 20 қадам» Тұжырымдамасында айтылған тапсырмаларды мұлтіксіз орындау.

- Мұғалімдердің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау бағдарламаларын қайта қарау, оқушылардың алған білімін оқу- практикалық жағдайларда қолдану қабілеттеріне мониторинг жүргізу бойынша пәрменді шаралар қабылдау, сондай-ақ мектеп оқушыларын оқытуды материалдық-техникалық, психологиялық-педагогикалық және техникалық жағдайлармен қамтамасыз ету.
- Тәрбие жұмысын одан әрі жетілдірудің тұтас пайымын айқындайтын оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспары аясында сапалы, жаңарған тәрбие беруге қол жеткізу.
- Жалпы орта білім беруді жаңартудың стратегиялық бағыттары «Назарбаев Зияткерлік мектептері» іс-тәжірибесін ендіру
- Елбасының тапсырмасына сәйкес Мектеп оқушыларының функциялық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары бойынша жұмысты жаңаша жоспарлау, оқу мен тәрбие ұстанымдарын бүгіннен бастап жаңарту.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 23 қарашадағы №668 бұйрығымен бекітілген 3,6,8 сыныптарда жаңартылған білім мазмұны бойынша оқу процесін ұйымдастыру
- Қоғамда өндірістік және әлеуметтік өмірге жаңалық әкелетін, жаңа міндеттер қойып оны шеше алатын, креативті ойлау қабілеті дамыған тұлғаны тәрбиелеу үшін жаңа педагогикалық технологиялардың енуіне сапалы серпіліс тудыру.
- Жетім балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудегі қорғаншылық және қамқоршылық ұйымдарының жұмысы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын орындауды қамтамасыз ету. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жан-жақты қамқорлық жасау шараларын одан әрі жетілдіру
- Оқушылар арасында құқық бұзушылық пен қылмыс жасаудың алдын-алу шараларын тиісті органдармен бірлесе отырып талап деңгейінде жүзеге асыру, құқықтық мемлекет құрудың басты принциптерінің бірі - құқықтық білім беру сапасын арттыру;
- Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру барысында демалыс лагерлерінің балаларды қамту ауқымын неғұрлым кеңейту шараларын қарастыру.
- Мектеп алды даярлық топтарына 5-6 жастағы балаларды толық қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізу.
- Білім беру процесіне ақпараттық технологияларды ендіруге қол жеткізу. Оқушылардың өздігінен жұмыс жасауын дамыту үшін оқытудың интерактивті әдіс-тәсілдерін қолдану.